

Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 сәуір N 463

Экономиканың аграрлық секторын басқаруды ақпараттық-статистикалық қамтамасыз ету мақсатында және БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының Дүниежүзілік ауыл шаруашылығы санағын жүргізу туралы ұсынысын ескере Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағы (мұнан әрі - Санақ) 2006-2007 жылдары өткізілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.02.21. N 268 қаулысымен , 2000.09.27. N 1464 қаулысымен , 2001.12.20. N 1666 қаулысымен , 2005.05.10. N 440 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

2. Санаққа дайындық өткізу, оның нәтижелерін өңдеу мен жариялау Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Санаққа жәрдемдесетін республикалық комиссия құру туралы ұсыныс енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі 2005-2008 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастырған кезде Санақты дайындау мен ұйымдастыруға қажетті қаражат көздесін.<*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.02.21. N 268 қаулысымен , 2000.09.27. N 1464 қаулысымен , 2005.05.10. N 440 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі